	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- Құрылғыны іске қосар алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін қарап жүру үшін сақтап қойыңыз.
- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз. Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Құрылғыны қауіпсіздік ережелерімен танысқан жасы 8-ге толған балалар мен ересектер,

DA68-03009L-05.indb 2 2015. 5. 13. 9:47

сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі немесе тәжірибесі жеткіліксіз адамдар, құрылғыны қауіпсіз қолдану, оны пайдалану барысында орын алуы мүмкін қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалана алады.
Балаларға осы құрылғымен ойнауға тыйым салынған.
Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыға күтім көрсетуге тыйым салынған.

- Себебі төменде көрсетілген құрылғыны іске қосу нұсқауларында әр түрлі үлгілер қамтылғандықтан, сіздің мұздатқышыңыздың техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғылардан сәл өзгеше болуы мүмкін.

Қауіпсіздікке қатысты маңызды белгілер және сақтық шаралары:

ЕСКЕРТУ	**Ауыр жарақат немесе өлімге әкелетін** қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.
АБАЙЛАҢЫЗ	**Кішігірім жарақат немесе мүлікке зиян келтіретін** қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.

БАСҚА ҚОЛДАНЫЛҒАН БЕЛГІЛЕР

	Әрекет ЕТПЕҢІЗ.
	БҰЗБАҢЫЗ.
	Қол ТИГІЗБЕҢІЗ.
	Нұсқауларды мұқият орындаңыз.
	Ашаны розеткадан суырыңыз.
	Электр тоғының қатеріне түспес үшін құрылғыны жерге қосыңыз.
	Қызмет көрсету орталығына хабарласып көмек алыңыз.
	Ескерім.

Бұл ескерту белгілері сіз немесе басқа адамдар жарақаттанып қалуға жол бермеу үшін қажет. Бұларды мұқият орындаңыз. Осы бөлімді оқып болғаннан кейін, келешекте қарап жүру үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз.

CE Ескерімі

Бұл өнімнің Еуропалық одақтың №643/2009 ережесі

DA68-03009L-05.indb 3 2015. 5. 13. 9:47

бойынша қабылданған Төмен кернеу стандартына (2006/95/EC), Электрмагнитті сыйысымдылық стандартына (2004/108/EC), Денсаулық және Қауіпсіздік стандартына (2011/65/EU), Комиссия стандартына (EU) № 1060/2010 және Эко-дизайн стандартына (2009/125/EC) сәйкестігі анықталған. (Еуропалық одақта сатылатын өнімдер үшін)

⚠ ЕСКЕРТУ ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Мұздатқышты ылғал жерге немесе құрылғыға су тиіп кетуі мүмкін жерге орнатпаңыз.

- Электр бөлшектерінің қаптамасына нұқсан келсе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.

- Бұл мұздатқышты күн сәулесі тура түсетін жерге не пештің, бөлме қыздырғыштың немесе басқа құрылғылардың қызуына тақатып қоймаңыз.
- Газ түтіктерін, телефон сымдарын немесе басқа жарықтандыру сымдарын тоңазытқышты жерге қосу үшін қолданбаңыз.

- Жерге қосу ашасы дұрыс қолданылмаса электр қатері орын алуы мүмкін.
- Бірнеше ұялы розеткаға бірнеше құрылғыларды қоспаңыз. Мұздатқышты әрқашан кернеу параметрі техникалық ақпарат тақтайшасындағы кернеу параметріне сай келетін электр розеткасына бір өзін жалғау керек.

- Сонда құрылғы тамаша жұмыс істейді және үйдегі электр желісінің жүктемесінің шамадан тыс артуына, нәтижесінде сымдар қызып өрт шығу қатерінің орын алуына жол бермейді.
- Жарылып қалған немесе ұзына бойына нұқсан келген, немесе ұшы бүлінген сымдарды қолданбаңыз.
- Қорек сымдарын қатты майыстырмаңыз немесе үстіне ауыр зат қоймаңыз.

- Бұл мұздатқышты қолданар алдында, нұсқауларға сай орнатып, дұрыс жерге орналастыру керек.
- Босап тұрған розеткаға ашаны сұқпаңыз.

- Электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.
- Ашаны розеткаға сымын төмен салбыратып дұрыс жалғау керек.

- Егер ашаның түп жағын жоғары қаратып жалғасаңыз, қуат сымы қиылып, өрт немесе электр қатері орын алуы мүмкін.

DA68-03009L-05.indb 4 2015. 5. 13. 9:47

- Мұздатқышты жылжытқан кезде, ашаны басып кетпеуге немесе бүлдіріп алмауға тырысыңыз.
- Бұндай жағдайда өрт қатері орын алуы мүмкін.
- Мұздатқыштың артында тұрған ашаның жаншылып, немесе бүлініп қалмағанын тексеріңіз.
- Орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.
- Балалар оларды бастарына киіп алса, тұншығып, мерт болуы мүмкін.
- Құрылғыны орнатқанда ашаға қол оңай жететін етіп орнату керек.

- Мұздатқышты міндетті түрде жерге тұйықтау керек.
- Мұздатқышты міндетті түрде мұздатқыштан жылыстап шыққан электр тоғына соғылып қалмау немесе өрт қатерін болдырмау үшін жерге тұйықтау керек.

- Егер қорек сымы бүлінсе, оны дереу өндірушіге немесе оның уәкілетті агентіне ауыстырту керек.
- Тоңазытқыштың сақтандырғышын білікті техник немесе қызмет көрсету компаниясы ауыстыруға тиіс.
- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы не адам жарақаттанып қалуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Құрылғының корпусындағы немесе орнату үшін қолданылған бөліктеріндегі желдеткіш саңылауларды бітемей ашық ұстаңыз.
- Құрылғыны орнатып болғаннан кейін 2 сағат қоя тұрыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ ІСКЕ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Ашаны су қолыңызбен розеткаға сұқпаңыз.
- Құрылғының үстіне зат қоймаңыз.
- Есікті ашқанда немесе жапқанда, заттар құлап кетіп, адам жарақаттануы немесе және/не мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Су құйылған сауытты мұздатқыштың үстіне қоймаңыз.
- Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Балаларға есікке асылып тұруға рұқсат бермеңіз. Себебі ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балаларға мұздатқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз. Балалар қамалып қалу қаупі бар.
- Мұздатқыш бөліктің ішкі қабырғасын немесе мұздатқыш бөліктің ішінде тұрған заттарды су қолмен ұстамаңыз.

DA68-03009L-05.indb 5 2015. 5. 13. 9:47

- Теріні қарып кетуі мүмкін.
• Мұздатқыш ішіне ұшып таралатын немесе тұтанатын заттарды сақтамаңыз.
- Бензол, сұйылтқыш, спирт, эфир, сұйылтылған газ және осы сияқты заттар жарылыс тудыруы мүмкін.
• Фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми материалдарды не температураға сезімтал заттарды мұздатқышта сақтамаңыз.
- Температурасын қатаң бақылап отыруды қажет ететін өнімдерді мұздатқышта сақтамаңыз.
• Мұздатқыштың ішіне өндіруші арнайы рұқсат етпеген электр құрылғысын қоюға немесе қолдануға болмайды.

• Жібіту үрдісін жылдамдату үшін, өндіруші ұсынған құралдардан басқа механикалық заттарды не басқа құралдарды қолданбаңыз.

• Тоңазытқыш жүйені бүлдіріп алмаңыз.
• Мұздатқышты өзіңіз жөндемеңіз немесе бөлшектемеңіз.
- Өрт шығуы, бұзылып қалуы және/не адам жарақаттанып қалуы мүмкін.

• Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
• Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
• Егер газ аққанын байқасаңыз, ашық от көзінің немесе басқа да газды тұтандыруы мүмкін заттардың жоқ екенін тексеріңіз де, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
• Тек өндірушіден немесе оның қызмет көрсету агентінен алған LED шамдарын ғана қолданыңыз.

• Егер фармацевтикалық заттың немесе түтіннің иісін сезсеңіз, қуат ашасын дереу ағытып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
• Егер құрылғы LED шамымен жабдықталса, шамның қақпағын және LED шамын өзіңіз ағытпаңыз.
- Қызмет көрсету техниктеріне хабарласыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ ІСКЕ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

• Мұздатқыш камераға газдалған сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды

DA68-03009L-05.indb 6 2015. 5. 13. 9:47

мұздатқыш бөлікке қоймаңыз.

- Ішіндегісі мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы мүмкін.

• Құрылғы барынша жақсы жұмыс істеу үшін,

- Тағамдарды құрылғының артқы жағындағы желдеткіш саңылауларға тым тақатып қоймаңыз, себебі мұздатқыш бөліктің ішіндегі ауаның еркін айналуына кедергі жасайды.
- Тағамды мұздатқышқа қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кірмейтін сауыттарға салыңыз.
- Мұздап тұрған тағамның қасына жаңадан тағам салмаңыз.

• Мұздатылған тағамдардың макс. сақтау уақыты мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.

• Үш аптадан аз уақытқа кететін кезде мұздатқышты тоқтан ажыратудың қажеті жоқ. Бірақ үш аптаға немесе одан көп уақытқа кетсеңіз, барлық тағамдарды алыңыз. Мұздатқышты тоқтан ажыратып, тазалаңыз да, шайып құрғатыңыз.

• Су сауытын, мұз науасын, мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана толтырыңыз.

• Мұздатқышқа су зақым келтірсе, ашасын розеткадан суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

• Шынының бетін қатты соғуға немесе оған қатты салмақ салуға болмайды.

- Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ ТАЗАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

• Суды мұздатқыштың ішіне немесе сыртына тура шашпаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

• Тұтанғыш газды мұздатқыштың қасына тұрып шашпаңыз.

- Жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар.

• Ашаның істікшесіндегі кез келген бөгде затты немесе шаңды тазалаңыз. Ашаны тазалағанда дымқыл немесе су шүберекті пайдаланбаңыз, қуат ашасының істікшесіндегі бөгде затты не шаңды тазалаңыз.

- Себебі өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.

DA68-03009L-05.indb 7 2015. 5. 13. 9:47

• Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.
- Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.

• Мұздатқыштың ашасын тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын бастамай тұрып алыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ ҚОҚЫСҚА ТАСТАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

• Осы немесе басқа мұздатқыштарды тастаған кезде, кішкене балалар мен жануарлар қамалып қалмас үшін есігін/есігінің тығыздағышын, есігінің бекітпесін алыңыз. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
• Осы құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
• Балалар құрылғы ішіне оңай кіріп кетуге жол бермеу үшін сөрелерін алмаңыз. Құрылғыны тастар алдында, артындағы түтіктердің ешбіріне нұқсан келмегеніне көз жеткізіңіз.
• Тоңазытқыш сұйық ретінде R-600a не R-134a қолданылған. Мұздатқышыңызда қандай тоңазытқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе мұздатқыштың ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Егер құрылғыда тұтанғыш газ (R-600a сұйығы) қолданылса, құрылғыны дұрыс тастау үшін жергілікті мекемеге хабарласыңыз. Изоляция газы ретінде циклопентан қолданылған. Изоляция ретінде қолданылған материалдағы газды тастау үшін арнайы тастау шарасы орындалуға тиіс. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз. Құрылғыны тастар алдында, оның артындағы түтіктердің ешбіріне нұқсан келмегеніне көз жеткізіңіз. Түтіктерді ашық жерде сындыру керек.
• Егер құрылғыда изобутан сұйығы (R-600a) болса, бұл қоршаған ортаға зияны жоқ табиғи газ болып есептелсе де, тұтанатын газ санатына жатады. Құрылғыны тасымалдау және орнату барысында, тоңазытқыш жүйенің ешбір бөлігіне нұқсан келмес үшін абайлау керек.
• Тоңазытқыш сұйық түтіктерден атқыласа, тұтануы немесе көзге

DA68-03009L-05.indb 8 2015. 5. 13. 9:47

зақым келтіруі мүмкін. Егер сұйық аққанын байқасаңыз, ашық от көзінен немесе басқа да тұтандыруы мүмкін заттардан алыс ұстаңыз да, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.

- Тоңазытқыш сұйық аққан жағдайда газ бен ауа аралас тұтанғыш қоспа пайда болмас үшін, құрылғы тұратын бөлменің кеңдігі, тоңазытқыш сұйықтың мөлшеріне байланысты анықталады. Қандай да бір жері бүлінген құрылғыны ешқашан іске қоспаңыз. Егер күмәндансаңыз, дилерге хабарласыңыз. Бөлменің ауданы құрылғының ішіндегі R-600a тоңазытқыш сұйығының әр 8 г-на 1 м³ келуге тиіс. Құрылғыңыздағы тоңазытқыш сұйықтың мөлшері, құрылғының ішіндегі техникалық параметр тақтайшасында көрсетілген.

ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

- Тоқ өшіп қалған жағдайда, жергілікті электр қуатымен жабдықтау компаниясына телефон соғып, тоқ қанша уақыттан кейін қосылатынын сұраңыз.
- Тоқ бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, мұздатқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, тоқ сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.
- Тоқ 24 сағаттан көп сөнетін жағдайда, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз.
- Мұздатқышпен бірге кілт берілсе, кілттерді балалардың қолы жетпейтін, құрылғыдан алыс жерде сақтаңыз.
- Құрылғыны температурасы осы құрылғы үшін арнайы көрсетілген төмен температура шегінен төмен жерге ұзақ уақыт қойғанда (мұздатқыштағы тағамдар жібіп кетуі немесе мұздатқыш температурасы өте жылып кетуі мүмкін) тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, мұзды қолдан жібітудің қажеті жоқ, себебі бұл автоматты түрде орындалады.
- Жібіту барысында температураның жоғарылауы ISO стандартына сай келеді. Бірақ, құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке орағыз.
- Тоңазытқышты жібіту барысында мұздатылған тағам

DA68-03009L-05.indb 9 2015. 5. 13. 9:47

температурасының сәл көтерілуі, оны сақтау мерзімін қысқартады.

- Екі жұлдызды (✻✻) бөлік(тер) дің немесе камера(лар)дың температурасы мұздатқыштың басқа бөлік(тер)іне қарағанда сәл жоғарырақ.
  Екі жұлдызды бөлік(тер)дің немесе камера(лар)дың орналасатын орындары үлгі түріне байланысты, сондықтан жеткізілген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға қараңыз.

Қуатты үнемдеу туралы кеңес

- Құрылғыны салқын, құрғақ, жеткілікті түрде желдетілетін жерге орнатыңыз.
  Оны күн сәулесі тура түсетін жерден және қызу көздерінен (мысалы, батарея) алыс қойыңыз.
- Құрылғының саңылаулары мен торкөздерін ешқашан бітемеңіз.
- Жылы тағамды тоңазытқыш ішіне қояр алдында салқындатыңыз.
- Мұздатылған тағамды жібіту үшін тоңазытқышқа қойыңыз.
  Содан кейін мұздатылған тағамдардың төмен температурасын тоңазытқыштағы тағамды салқындату үшін қолдануға болады.
- Тағам салғанда немесе тағамды алған кезде құрылғының есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. Есікті неғұрлым аз уақытқа ашсаңыз, мұздатқышқа аз мұз қатады.
- Тоңазытқыштың арт жағын уақытылы тазалаңыз. Шаң қуаттың көп шығындалуына алып келеді.
- Қажетті температурадан артық суық температураны таңдамаңыз.
- Тоңазытқыштың табаны мен артқы қабырғасынан ауа жеткілікті түрде шығуын қамтамасыз етіңіз.
  Ауа шығатын саңылауларды бітемеңіз.
- Орнатқан кезде оң жағы мен сол жағынан, арты мен үстіңгі жағынан бос орын қалдырыңыз.
  Бұл қуатты аз жұмсап, электр қуаты төлемдерін азайтуға көмектеседі.
- Қуатты барынша үнемдеу үшін, барлық ішкі құралдарын, шелектер, тартпалар, сөрелер сияқты, өндіруші жабдықтаған орындарына қойыңыз.

Бұл құрылғы үйде және сол сияқты, дүкендердегі қызметкерлерге арналған ас бөлмелерде,

- кеңселерде және басқа жұмыс орындарында пайдалануға арналған;
- ферма үйлерінде, қонақ үйдің қонақтары және басқа тұрғында жерлерде;
- төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
- қоғамдық тағам орындарында және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын жерлерде.

DA68-03009L-05.indb 10 2015. 5. 13. 9:47

Мұздатқыш параметрлерін орнату

МҰЗДАТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Осы Samsung мұздатқышын сатып алғаныңызбен құттықтаймыз.
Осы құрылғы ұсынатын заманауи функциялар мен мүмкіндіктерді рахаттана қолданасыз деп ойлаймыз.

- Бұл мұздатқышты қолданар алдында, нұсқауларға сай орнатып, дұрыс жерге орналастыру керек.
- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Кез келген жөндеу жұмысын тек білікті маман орындауға тиіс екенін қатаң түрде ұсынамыз.
- Осы құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.

ЕСКЕРТУ Мұздатқыштың ішкі шамын ауыстырар алдында ашаны розеткадан суырыңыз.
- Себебі, электр тоғына түсу қатері бар.

Мұздатқышты орнатуға ең қолайлы жерді таңдау

- Күн сәулесі тура түспейтін жер.
- Еденнің үсті тегіс болуы керек.
- Мұздатқыш есігін оңай ашуға болатын кеңірек жерді таңдау керек.
- Ішкі салқындату жүйесінің ауа айналымы үшін жеткілікті орын болуы керек. Егер мұздатқыш кеңірек жерге қойылмаса, ішкі салқындату жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.





- Құрылғының биіктігі үлгі түрлеріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- Орнатқан кезде оң, сол жағынан, арты мен үстіңгі жағынан бос орын қалдырыңыз. Бұл қуатты аз пайдаланып, электр қуаты төлемдерін азайтуға көмектеседі.
- Мұздатқышты температурасы 10°C градустан төмен жерге орнатпаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұздатқышты орнатқанда, артқы жағын тазалағанда не күтім көрсеткенде тура алға жылжытыңыз да, болғаннан кейін тура артқа итеріп орнына қойыңыз. Еденнің іші толы мұздатқышты көтере алатынына көз жеткізіңіз.

Тығыздағыштың қағазын алып, содан кейін екі тығыздағышты (сұры блок) тоңазытқыш жақсырақ жұмыс істеу үшін оның артқы жағына салыңыз. Тоңазытқышты орнатқан кезде екі тығыздағыштың төмендегі суретте көрсетілген тәрізді орнатылғанына көз жеткізіңіз. Бұл тоңазытқыштың жұмысын жақсарту үшін қажет.



DA68-03009L-05.indb 11 2015. 5. 13. 9:47

МҰЗДАТҚЫШТЫҢ ЕСІГІН АУЫСТЫРУ

ЕСКЕРТУ Samsung есіктің ашылатын жағын ауыстыру жұмысын тек Samsung сертификаттаған қызмет көрсету орталығына тапсыруды ұсынады. Бұл қызметтің ақысын тұтынушы төлейді.

Есіктің ашылатын жағын ауыстыру барысында орын алған ақау құрылғының өндіруші тарапынан берілген кепілдігіне жатпайды.
Осындай жағдайда орын алған кез келген жөндеу жұмыстарының төлемақысын құрылғыны пайдаланушы төлейді.

Қажетті құралдар (жинаққа кірмейді)

		
Phillips бұрағышы (+)	Жалпақ басты бұрағыш (-)	10 мм қырлы гайка кілті (болттарға арналған)
		
8 мм қырлы гайка кілті (болттарға арналған)	Орын сақтағыш (топсаның білікшесіне арналған)	5 мм алты қырлы кілті (астыңғы топсаның білікшесі үшін)

1. Мұздатқыштың үстіңгі жағындағы 4 бұранданы алыңыз.



2. Пластик қақпақты алғаннан кейін, оған қосылып тұрған сымды ағытуды ұмытпаңыз. Пластик қақпақты алғаннан кейін, есікті ауыстыруға арналған керек-жарақтарды тексеріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ Пластик қақпақты алған кезде электр сымдарына зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.

3. Сымдарды ағытыңыз, содан кейін 3 болтты алыңыз.



ЕСКЕРТУ Электр сымдарына қатысты жұмысты орындау үшін мұздатқышты ағытып қойыңыз.

DA68-03009L-05.indb 12 2015. 5. 13. 9:47

4. Есікті астыңғы топсадан абайлап тура жоғары көтеріп алыңыз.



⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Мұздатқыштың есігі ауыр, мұздатқыштың есігін алып жатқанда жарақаттанып қалмаңыз.

5. 2 бұранданы ағыту арқылы тоңазытқыштың және мұздатқыштың алдыңғы тірегінің қақпағын алыңыз.



6. Топсаны бекітіп тұрған 3 болтты ағытыңыз, сонымен қатар, алынған топса орнатылатын жердегі алдыңғы тіректің астыңғы оң жағында орналасқан 3 болтты ағытып алыңыз.



7. Топсаның білікшесін алты қырлы кілтті пайдаланып ағытыңыз. Топса көтергішті алу үшін болтты ағытыңыз да, топсаның білікшесі мен топса көтергіштің орындарын ауыстырыңыз.



8. Топсаны 6-шы қадам кезінде болттары алынған, мұздатқыштың астыңғы оң жағына салыңыз. Қалған болттарды кейін қолдану үшін мұздатқыштың астыңғы сол жағына бұрап салыңыз. Тірегін сол жағынан оң жағына қарай ауыстырыңыз.



9. Мұздатқыштың есігінің астыңғы оң және сол жағындағы бұрандаларды алыңыз. Есіктің стопперін солдан оңға ауыстырыңыз. Топса көтергішті де ауыстыру керек.



DA68-03009L-05.indb 13 2015. 5. 13. 9:47

10. Сымдардың орнын ауыстыру үшін мұздатқыш есігінің үстіңгі жағындағы сымдардың қақпағын да алыңыз.



11. Мұздатқыш есігінің топсасы мен тығыздағышын алыңыз. Сол жақ топсаның қақпағын ағытып, сымдарды топсаның қақпағынан тартып шығарыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ Топсаның қақпағын алған кезде электр сымдарына зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.

12. Кілтті пайдаланып топсаның білікшесін ағытып, содан кейін топсаны айналдырып, топсаның білікшесін қайта бекітіңіз. Үстіңгі жағындағы тығыздағышты алып, екінші жағына орнатыңыз.



13. 11-ші қадамды кері ретпен орындай отырып, топсаны мұздатқышқа қайта бекітіңіз. Оң жақ топсаның қақпағын (оны 2-ші қадамды пайдаланып алған пластик қақпақтың астыңғы жағынан табуға болады) пайдалануды және тығыздағышты алуды ұмытпаңыз. Топсаны, сымды және топсаның қақпағын қайта салғаннан кейін, сол жақты оң жаққа ауыстырыңыз.



14. Топсаның орнын ауыстырғаннан кейін Есік сымының R қақпағын орамынан алып, оны мұздатқыш есігінің үстіндегі сымның қақпағымен жабыңыз.

"Есік сымының қақпағы R" деген белгіні орам материалынан табуға болады



15. Тұтқаның қақпағын және бұрандаларын алыңыз, қақпақтардың және тұтқаның, есіктің оң жағынан сол жағына ауыстырылғанына көз жеткізіңіз. (Алынған қақпақтарды дұрыс орынға салғаныңызды тексеріңіз.)



Кей үлгілерде тұтқалар жабылмауы мүмкін.

DA68-03009L-05.indb 14 2015. 5. 13. 9:47

16. Топсаның қақпағын ауыстырып, алдыңғы тіректің қақпағын салыңыз. Мұздатқыш есігін еппен орнына қойыңыз.



17. 3 болтты қатайтып, содан кейін сымдарды қайта қосыңыз.



ЕСКЕРТУ Электр сымдарына қатысты жұмысты орындау үшін мұздатқышты ағытып қойыңыз.

18. Пластик қақпақтың сымын қосып, қақпақты бастапқы орнына қойыңыз.



19. 4 бұранданы қайта орнына салып бекітіңіз.



20. Тоңазытқыш есігінің тығыздағыштарын ағытып, содан кейін оларды 180˚ градусқа айналдырғаннан кейін салыңыз.



ЕСКЕРТУ
- Есікті ауыстырып болғаннан кейін, тоңазытқыш есігінің тығыздағышының дұрыс салынғанын тексеріңіз. Егер дұрыс салынбаса, тоңазытқыш жұмысына әсер ететін шуыл не конденсат пайда болуы мүмкін.

DA68-03009L-05.indb 15 2015. 5. 13. 9:47

МҰЗДАТҚЫШТЫ ДЕҢГЕЙЛЕУ

Егер құрылғының алдыңғы жағы артқы жағынан шамалы биігірек болса, есікті ашып-жабу оңай болады. Құрылғыны өзгермелі тіректерді сағат бағытымен бұрап биіктетіңіз және сағат бағытына қарсы бұрап аласа етіңіз.

1-ші жағдай: Құрылғы солға қарай қисайып тұр.

- Сол жақ реттелмелі тіректі құрылғы дұрыс тіктелгенше көрсеткі бағытымен бұраңыз.



1-ші жағдай)



2-ші жағдай)

2-ші жағдай: Құрылғы оңға қарай қисайып тұр.

- Оң жақ реттелмелі тіректі құрылғы дұрыс тіктелгенше көрсеткі бағытымен бұраңыз.

DA68-03009L-05.indb 16 2015. 5. 13. 9:47

Мұздатқышты іске пайдалану

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ТЕКСЕРУ



Түймешікті басқан сайын қысқа дыбыстық сигнал естіледі.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ

(1) Мұздатқыш

-88°c

Қажетті температураны -15 °C және -23 °C аралығына қою үшін, Freezer (Мұздатқыш) түймешігін басыңыз. Әдепкі орнатылған температура -19 °C градус және Freezer (Мұздатқыш) түймешігін әр басқан сайын, температура келесі рет бойынша өзгереді және температура бейнебетінде қажетті температура көрсетіледі.

-19 °C — -20 °C — -21 °C — -22 °C — -23 °C
-18 °C — -17 °C — -16 °C — -15 °C

Температураны орнатып болғаннан кейін, температура индикаторы мұздатқыштың ағымдық температурасын көрсетеді.

(2) Қарқынды мұздату

Қарқынды мұздату функциясын іске қосу үшін Power Freeze (Қарқынды мұздату) түймешігін басыңыз. Қарқынды мұздату индикаторы жанады да, мұздатқыш ішіндегі тағамды мұздатуға қажетті уақытты мұздатқыш жеделдетеді.
Осы функцияны қолданғанда, пайдаланатын қуат мөлшері көбейеді. Бұл функцияны мұздатқыш бөлікке көп мөлшерде тағам салардың алдында кем дегенде 20 сағат бұрын қосыңыз.
Қарқынды мұздату функциясын ажырату үшін Power Freeze (Қарқынды мұздату) түймешігін қайта басыңыз.

DA68-03009L-05.indb 17 2015. 5. 13. 9:47

(3) Есіктің ескерту сигналы

1. Есіктің ескерту сигналы
Ескерту функциясын қосу үшін Есіктің ескерту сигналы түймешігін басыңыз. Мұздатқыштың есігі 2 минуттан астам ашық қалса, ескерту индикаторы жанып, дыбыстық сигнал естіліп, есіктің ашық тұрғанын ескертеді. Ескерту функциясын ажырату үшін Есіктің ескерту сигналы түймешігін қайта басыңыз.

2. Температураны ескерту
Температураны ескерту функциясын қосу үшін Есіктің ескерту сигналы түймешігін басыңыз. Ескерту индикаторы жанады. Егер тоқ сөніп қалып, мұздатқыш бөлік тым жылып кетсе, бейнебетте “- -” белгісі жыпылықтайды.
Мұздатқыш түймешігі басылған кезде, мұздатқышта қалыптасқан “ең жылы температура” бейнебетте бес секунд жыпылықтайды. Содан кейін ағымдық температура көрсетіледі.
Температураны ескерту функциясын ажырату үшін Есіктің ескерту сигналы түймешігін қайта басыңыз.
Бұл ескерту келесі жағдайларда іске қосылуы мүмкін:
- құрылғы іске қосылған кезде
- мұздатқыш бөлік тоқ сөніп қалғанға байланысты тым жылып кеткен

3. Дисплей сөндірулі
Әдетте температура дисплейі сөніп тұрады, сөндіру және қосу режимдерін таңдау үшін Есіктің ескерту сигналы түймешігін 3 секунд басыңыз.

(4) Басқару бекітпесі (3 сек)

Бұғаттау функциясын қосу үшін Басқару бекітпесі түймешігін 3 секунд басыңыз.
Бекітпенің индикаторы жыпылықтап, басқару панеліндегі түймешіктердің барлығы бұғатталады.
Бұғаттау функциясын сөндіру үшін Басқару бекітпесі түймешігін қайта 3 секунд басыңыз.

Кей функциялар үлгі түрлеріне қарай әр түрлі болуы немесе мүлдем болмауы мүмкін.

DA68-03009L-05.indb 18 2015. 5. 13. 9:47



(1) ҮСТІҢГІ СӨРЕ

Үстіңгі сөре тағамды оңай алып немесе салуға мүмкіндік беретін пластик қақпақпен жабдықталған.

(2) МАЙЫСҚАҚ МҰЗ ЖАСАҒЫШ (БАРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДЕ ЖОҚ)

Мұз текшелерін жасап, оларды майысқақ мұз жасағыштың астындағы мұз сауытына салып сақтауға болады.

(3) ҮЛКЕН ЖӘШІК

Етті немесе құрғақ тағамдарды сақтауға тамаша жер.

Сақталған тағамдарды фольга немесе басқа орам материалдарымен орап немесе сауыттарға салып сақтау керек.

(4) МЫҚТЫ ШЫНЫ СӨРЕ

Үлкен жәшіктерді ұстап тұрады, бірақ тағам сақтау үшін кәдімгі сөрелердің орнына пайдалануға да болады.

(5) МҰЗДАП ҚАЛУДАН ҚОРҒАЙТЫН ҚҰРАЛ

Аз мөлшерде мұздатылған тағамдарды сақтауға арналған.

- Майысқақ мұз қойғыштың (2) орындарын ауыстыруға болады.
- Орынды кеңейту үшін Үстіңгі сөрені (1), Майысқақ мұз жасағышты (2) және үстіңгі төрт Үлкен қорапты (3) алып қоюға болады. Бұл жылу және механикалық қасиеттеріне әсер етпейді. Мұздатқыш бөліктің көрсетілген сақтау сыйымдылығы осы бөліктер алынып тұрғанда есептелген.

АБАЙЛАҢЫЗ Мұздатқыш камераға шыны шөлмектерді сақтамаңыз.

DA68-03009L-05.indb 19 2015. 5. 13. 9:47

МҰЗ ҚАТЫРУ

Мұз науасы әр үлгіде әр түрлі болуы мүмкін.

Мұз текшелерін қатыру

1. Мұз текшесін жасайтын науаны өзіңізге қарай тартып алыңыз.
2. Суды науада көрсетілген ең үлкен деңгейге дейін су құйыңыз.
3. Суды төгіп алмай, науаны ұстағышқа қайта сырғытып салыңыз.
4. Мұз текшелері қатқанша күтіңіз.

Мұздату уақыты
Температураны Қарқынды мұздату қалпына қойып, мұз текшелері қатқанша бір сағат күту керек.

Мұз текшелерін алу

1. Мұз сауытының мұз науасының астында тұрғанына көз жеткізіңіз. Болмаса, орнына қойыңыз.
2. Мұз науасының тұтқасын науа шамалы майысқанша сағат тілінің бағытымен мықтап майыстырыңыз. Мұз текшелері сақтау сауытына түседі.
3. Мұз текшелерін алу үшін мұз науасын шамалы көтеріңіз де, өзіңізге қарай тартыңыз.



ІШКІ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН АЛУ

Кей функциялар үлгі түрлеріне қарай әр түрлі болуы немесе мүлдем болмауы мүмкін.

Үстіңгі сөренің қақпағы

1. Сол жақ тірегін сыртқа шығару үшін қақпақтың оң жағын ішке қарай жылжытыңыз.
2. Екі тірек те ұяларынан шыққан кезде, қақпақты өзіңізге қарай тартып алыңыз.



Шыны сөрені салғанда немесе алғанда үстіңгі сөренің қақпағын алуға болатынына көз жеткізіңіз.

Майысқақ мұз жасағыш (барлық үлгілерде жоқ)

Майысқақ мұз жасағышты шамалы жоғары көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз.



Жәшіктер

Жәшіктерді толық тартып шығарыңыз да, шамалы жоғары көтеріп алыңыз. (Кішкене жәшік/Салқын жәшік/Үлкен жәшік)



DA68-03009L-05.indb 20 2015. 5. 13. 9:47

Мықты шыны сөре

Сөрелерді қос қолдап еппен көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз.



Мұздап қалудан қорғайтын құрал

Есіктің бөлгішін алу үшін екі қолыңызбен еппен жоғары көтеріңіз де, содан кейін алыңыз.



МҰЗДАТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox™ қолданып тазаламаңыз.
Бұл құрылғының сыртына нұқсан келтіруі және өрт шығуға себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ Тоққа қосылып тұрған мұздатқышқа су шашпаңыз, себебі электр қатері орын алуы мүмкін. Мұздатқышты бензол, сұйылтқыш немесе машина тазалағыш құралмен тазаламаңыз, өрт шығу қатері бар.

ІШКІ БӨЛШЕКТЕРІН КҮТІП ҰСТАУ

Ішкі шамын күтіп ұстау

Қызмет көрсету техниктеріне хабарласыңыз.

DA68-03009L-05.indb 21 2015. 5. 13. 9:47

Ақаулықты түзету

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Құрылғы мүлде жұмыс істемейді немесе оның температурасы тым жоғары.	• Ашаның розеткаға дұрыс сұғылғанын тексеріңіз. • Алдыңғы панельдегі температура тетігі дұрыс орынға қойылды ма? • Құрылғыға күн түсіп немесе оның қасында қызу көздері тұрған жоқ па? • Құрылғының арт жағы қабырғаға тым жақын тұрған жоқ па?
Әдеттен тыс шуыл шығады.	• Құрылғының орнықты, тегіс еден үстіне қойылғанын тексеріңіз. • Құрылғының арт жағы қабырғаға тым жақын тұрған жоқ па? • Құрылғының астына немесе артына басқа зат түсіп кеткен жоқ па? • Шуыл құрылғы компрессорынан шығып тұрған жоқ па? • Құрылғының ішінен сырт-сырт еткен дыбыс шығуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай. Бұл дыбыс әр түрлі керек-жарақтар тартылып, кеңейген кезде шығады.
Құрылғының алдыңғы бұрыштары мен қабырғалары жылы және оларға конденсат тұра бастады.	• Құрылғының алдыңғы бұрыштарында конденсат тұруға жол бермейтін, қызуға төзімді түтіктер орнатылған. Бөлме температурасы жоғарылаған кезде, бұл үнемі тиімді бола бермеуі мүмкін Дегенмен, бұл қалыпты жағдай. • Өте ылғалды ортада, ылғалды ауа құрылғының бетіне тиген кезде құрылғының сыртында конденсат пайда болуы мүмкін.
Құрылғы ішінде сұйықтың көпіршігені естіледі.	• Бұл құрылғының ішін салқындататын тоңазытқыш сұйық.
Құрылғы ішінде жағымсыз иіс бар.	• Мұздатқыш ішінде ескіріп кеткен тағам тұрған жоқ па? • Иісі қатты шығатын тағамды (мысалы, балық) ауа өтпейтін етіп орау керек. • Мұздатқышты уақытылы тазалап, бүлінген немесе бұзылайын деген тағамды тастаңыз.
Құрылғы қабырғаларына қабат-қабат мұз қатқан.	• Ауа шығатын саңылауларды мұздатқыш ішіндегі тағам бітеп тастаған жоқ па? • Ауа айналымын жақсарту үшін тағамдарды барынша бір-бірінен алыс қойыңыз. • Есік әбден жабылды ма?
Құрылғының ішкі қабырғасына конденсат тұрады.	• Құрамында суы көп тағамдардың беті жабылмай қойылған, және есік ұзақ уақыт ашық қалған. • Тағамның бетін жауып немесе бітеу сауытқа салып сақтаңыз.

DA68-03009L-05.indb 22 2015. 5. 13. 9:47

ескерім

Бөлме температурасының шектері

Бұл құрылғы, техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген температура санатына сай келетін, қоршаған орта температураларында жұмыс істеуге лайық етіп жасалған.

Санаты	Белгісі	Қоршаған орта температурасының мәндері (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

Ішкі температураға тоңазытқыштың орналасуы, қоршаған орта температурасы және есіктің ашылу жиілігі тәрізді факторлар әсер етуі мүмкін.
Осы фактордың салдарын жою үшін, температураны қажетінше реттеңіз.

Kazakhstan

Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау

(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

SAMSUNG WORLD WIDE байланыс орталығына хабарласыңыз
Samsung өнімдеріне қатысты сұрақтарыңыз немесе айтатын пікіріңіз бар болса,
SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

36 Al-Farabi ave. , Block B (3-4)floor, Almaty, Kazakhstan
8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799, VIP care 7700)
www.samsung.com/support

Muzlatish kamerasi
foydalanuvchi qo'llanmasi

Planet First 100 % Recycled Paper

Ushbu qo'llanma 100 % qayta ishlangan qog'ozda chop qilingan.

ajoyib imkoniyatlar

Samsung kompaniyasi muzlatgichini xarid qilganingiz uchun rahmat.

SAMSUNG

Avtonom tik turuvchi jihoz

DA68-03009L-05.indb 1 2015. 5. 13. 9:47

Mundarija

TEXNIKA XAVFSIZLIGI BO'YICHA MA'LUMOTLAR 2
MUZLATISH KAMERANGIZNI O'RNATISH 11
MUZLATISH KAMERASINI BOSHQARISH 17
NOSOZLIKLARNI BARTARAF QILISH 22

Texnika xavfsizligi bo'yicha ma'lumotlar

TEXNIKA XAVFSIZLIGI BO'YICHA MA'LUMOTLAR

- Muzlatish kamerasidan foydalanishdan avval ushbu qo'llanmani diqqat bilan o'qib chiqing va keyinchalik foydalanish uchun saqlab qo'ying.
- Ushbu jihozdan faqat ushbu qo'llanmada bayon qilingan maqsadlardagina foydalaning. Bu muzlatish kamerasi jismoniy, hissiy yoki aqliy qobiliyatlari cheklangan yoki bilimlari va tajribalari yetarli bo'lmagan shaxslar (jumladan, bolalar), toki ular ushbu muzlatish kamerasidan foydalanishda nazorat qilinmasalar yoki ularning xavfsizliklari uchun javobgar shaxs ularga ushbu jihozdan foydalanish haqida ko'rsatmalar bermagan bo'lsa, foydalanishlari uchun mo'ljallanmagan.
- Agar ularga ushbu qurilmadan xavfsiz foydalanish to'g'risida ko'rsatmalar berilgan bo'lsa va ular mavjud xatarlarni tushunsa, bu qurilmadan 8 yoki undan kattaroq yoshdagi bolalar, jismoniy yoki aqliy qobiliyati cheklangan yoki bilimi va tajribasi yetarli bo'lmagan shaxslar foydalanishlari mumkin.
  Bolalarga qurilma bilan o'ynash taqiqlanadi.
  Tozalash va texnik xizmat ko'rsatishni bolalar nazoratsiz amalga oshirmasligi kerak.
- Bu yerda bayon qilingan foydalanish bo'yicha ko'rsatmalar turli modellarga taalluqli bo'lganligi uchun muzlatish kamerangizning xususiyatlari ushbu

DA68-03009L-05.indb 2 2015. 5. 13. 9:47

qo’llanmada keltirilgan xususiyatlardan bir oz farq qilishi mumkin.

Muhim xavfsizlik belgilari va ehtiyot choralari:

OGOHLANTIRISH	Ehtiyotsizlik bilan muomala qilish yoki ehtiyot choralariga amal qilmaslik **jiddiy jarohat olish yoki o'limga olib kelishi mumkin.**
DIQQAT	Ehtiyotsizlik bilan muomala qilish yoki ehtiyot choralariga amal qilmaslik **yengil jarohat olish yoki mulkka zarar yetkazishiga olib kelishi mumkin.**

FOYDALANILGAN BOSHQA BELGILAR

	Qilib ko'rishga URINMANG.
	Muzlatish kamerasini qismlarga AJRATMANG.
	TEGMANG.
	Ko'rsatmalarga diqqat bilan rioya qiling.
	Elektr vilkasini rozetkadan uzing.
	Elektr tokdan zarba olishning oldini olish uchun jihoz simi yerga ulanganligini tekshiring.
	Yordam olish uchun xizmat ko'rsatish markaziga qo'ng'iroq qiling.
	Izoh.

Ushbu ogohlantiruvchi belgilar jihozdan foydalanishda o'zingiz va boshqalar jarohatlanishining oldini olish uchun bu yerda qayd etilgan. Iltimos, ularga qat'iy amal qiling. Ushbu bo'limni o'qib chiqqandan keyin keyinchalik undan ma'lumot olish uchun uni ishonchli joyda saqlang.

CE bildirishnomasi

Ushbu mahsulot Yevropa Ittifoqining “Past volt yo'riqnomasi” (2006/95/EC), “Elektromagnit muvofiqligi yo'riqnomasi” (2004/108/EC), “Zararli moddalardan foydalanishni cheklovchi (RoHS) yo'riqnomasi” (2011/65/YI), 1060/2010-sonli “Komissiyaning vakolat berilgan nizomi” (YI) va 643/2009-sonly nizomi (EC) asosida amalga oshirilgan Eko-dizayn yo'riqnomasi (2009/125/EC) talablariga mos ekani belgilab qo'yildi. (Faqat Yevropa mamlakatlarida sotiladigan mahsulotlar uchun)

OGOHLANTIRISH O'RNATISH BO'YICHA MUHIM OGOHLANTIRUVCHI BELGILAR

- Muzlatish kamerasini nam

DA68-03009L-05.indb 3 2015. 5. 13. 9:47

yoki unga suv tegishi mumkin bo'lgan joylarga o'rnatmang.

- Elektr qismlaridagi qoplamaning shikastlanishi elektr toki zarbasiga yoki yong'inga sabab bo'lishi mumkin.

• Ushbu muzlatish kamerasini bevosita quyosh nuri ostiga yoki plita, uy isitgichi va shu kabi boshqa issiqlik chiqazadigan jihozlar oldiga joylashtirmang.

• Gaz quvurlari, telefon liniyalari yoki boshqa uchqun chiqazishga qodir sim chiviqlardan ushbu jihozni yerga ulash uchun foydalanmang.

- Yerga ulashdan noto'g'ri foydalanish elektr toki zarbasiga sabab bo'lishi mumkin.

• Bir qancha jihozni bitta elektr quvvat tarmog'iga ulangan bir necha rozetkalar uyasiga ulamang. Muzlatish kamerasi har doim alohida elektr rozetkasiga ulangan turishi va undagi quvvat kuchlanishi pasport yozuvida qayd etilgan kuchlanishga mos kelishi kerak.

- Bu yuqori darajada xizmat ko'rsatish samaradorligini ta'minlaydi, hamda uydagi elektr quvvat zanjirlarining ortiqcha yuklanishi oldini oladi. Yuklanish o'z o'rnida simlarning qizib ketishiga va natijada yong'in chiqish xavfini to'g'dirishiga olib kelishi mumkin.

• Uzunligi bo'ylab yoki ikki uchida shikastlangan yoki shilingan joylarga ega kabeldan foydalanmang.

• Elektr quvvat kabelini bukmang yoki uning ustiga og'ir buyumlarni joylashtirmang.

• Ushbu muzlatish kamerasidan foydalanishdan avval uni qo'llanmaga muvofiq tarzda to'g'ri o'rnatish va joylashtirish kerak.

• Agar devordagi rozetka bo'shab qolgan bo'lsa, unga elektr quvvat vilkasini tiqmang.

- Chunki yong'in chiqishi yoki elektr tokdan zarba olish xavfi mavjud.

• Elektr vilkani elektr manbasiga to'g'ri holatda ulang va kabel pastga osilib turishi kerak.

- Agar vilka yuqori qismi pastga qaragan holda ulansa, kabel qirqilib ketishi va yong'inga yoki elektr tokdan zarba olishga sabab bo'lishi mumkin.

• Muzlatish kamerasini boshqa joyga ko'chirishda, uning elektr kabeli ustidan surish yoki kabelning shikastlanishidan ehtiyot bo'ling.

- Bu yong'in chiqish xavfini tug'diradi.

• Elektr kabeli vilkasi muzlatish kamerasining orqa tomonida qisib qolmagani yoki shikastlanmaganiga ishonch hosil qiling.

• O'rama materiallarni bolalar qo'li yetmaydigan joyda saqlang.

